

ISSN (Print) 2616-678X  
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

# ХАБАРШЫСЫ

---

## BULLETIN

of L.N. Gumilyov  
Eurasian National University

## ВЕСТНИК

Евразийского национального  
университета имени Л.Н. Гумилева

**ФИЛОЛОГИЯ** сериясы  
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**  
**PHILOLOGY** Series

**№2(127)/2019**

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2019

Nur-Sultan, 2019

Нур-Султан, 2019

---

---

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**  
*филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі (Қазақстан)*

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**  
*филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)*

**Редакция алқасы**

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к. (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассоц. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ.Сәтбаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы**  
Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК  
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.  
Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 35 дана  
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 12/1,  
тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

---

---

Editor-in-Chief **Dikhan Kamzabekuly**  
*Doctor of philology, academician of NAS RK (Kazakhstan)*

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**  
*Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)*

**Editorial board**

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof. (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof. (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 408, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008  
Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)  
**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

**Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series**

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

---

---

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**  
*доктор филологических наук, академик НАН РК (Казахстан)*

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**  
*доктор филологических наук, проф. (Казахстан)*

**Редакционная коллегия**

Аскероглы Рамиз	Д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	Д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	Д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	Д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	К.ф.н. (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассоц. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	Д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	Д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	Д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	Д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	Д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	К.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

**E-mail: vest\_phil@enu.kz**

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

**Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ**

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: +7(7172)709-500

(вн. 31413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

## Мазмұны

### Фольклор және әдебиеттану

<i>Аймұхамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Ертегілердегі «Жер асты әлеміне саяхаттау» мотиві .....777.....	8-14
<i>Аққұлы Сұлтан Хан, Жұмагүл Сағымбай, Кемеңгер Қайырбек.</i> Алаштың рухани мұрасындағы ашаршылық туралы тың деректер (1932-33 жылдар) .....	15-21
<i>Арыққарақызы Еркегүл.</i> Ақыт Үлімжіұлының «Мұнаджат хази әл-Хажат» туындысы (идеялық ерекшелігі) .....	22-28
<i>Әшімхан Талдаубек.</i> Тәуелсіздік әдебиеті контексіндегі Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» роман-хамсасы .....	29-35
<i>Байтанасова Қарлығаш, Нұрлыбек Гүлбану.</i> Қазіргі қазақ прозасындағы фольклорлық мотивтер .....	36-44
<i>Ғұбайдуллина Айжан, Қорғанбеков Болат.</i> «Дариға қыз» және «Қисса Шәһизинда» дастандарының поэтикасы мен типологиясы .....	45-51
<i>Жанысбекова Элмира.</i> Қазақстанның қазіргі заман прозасындағы антикалық және інжілдік бейнелер мен сарындар .....	52-63
<i>Қамзабекұлы Дихан.</i> Түрік танзиматы: заман шындығының әдебиеттегі көрінісі .....	64-74
<i>Нуртаева Гүлнура, Үсен Айгүл.</i> Мұқағали Мақатаев поэзиясындағы ұлттық мотивтер .....	75-83
<i>Оразбай Сәуле.</i> Орхон-Енисей ескерткіштері мәтіндеріндегі тарихи тұлғалар бейнесі.....	84-90
<i>Теміртас Гүлсезім, Кемеңгер Қайырбек.</i> Сұлтанбек Қожанұлының қаламгерлік қызметі мен шығармашылығы .....	91-97
<i>Хамзина Қарлығаш, Қалыбекова Қаламқас, Күлейменова Ләйла.</i> Мағжан Жұмабаев поэзиясының типологиялық құрылымы .....	98-106
<b>Лингвистика және әдістеме</b>	
<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гүлжан.</i> Қытай тілін шетел тілі ретінде оқыту әдістері .....	107-115
<i>Аишаф Мұхаммед Аттия.</i> Мәдениетті лингвомәдени антропонимдер арқылы түсіну (орыс және араб антропонимдері негізінде) .....	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинұр.</i> АҚШ-тың қазіргі медиалық дискурсындағы мәдени кодтар .....	122-128
<i>Құлтанова Жанара, Құсайынова Райса.</i> Коммуникативтік мінез-құлық мәдениеті және ұлттық (этникалық) стереотиптер .....	129-134
<i>Жарқынбекова Шолпан, Оразаева Құралай, Петкова Сильвия, Қожамқұлова Гүлмира.</i> Студенттік орталықтандырылған білім беру және тиімді оқыту ортасы .....	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жүнісова Жаңыл.</i> Қазіргі орыс тіліндегі бейузуал лексиканың сөзжасамдық әлеуеті .....	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Бақыт Қайырбековтің лирикасындағы «махаббат» бейнесінің концептуалдық мазмұндағы жалпыадамзаттық және ұлттық тұжырымдамасы ..	157-162
<i>Қарагұлова Балгенже.</i> Қазіргі тіл білімінде жаңа сөздерді зерттеудің негізгі бағыттары.....	163-171
<i>Қалибекұлы Толқын.</i> Қытай және қазақ тілдерінің сөз тіркестеріндегі байланысу тәсілдері мен түрлері .....	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сәуле.</i> Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары) .....	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> М. Дулатұлының «Есеп құралы»: ұмытылған терминдердің мәні мен мәртебесі .....	193-200
<i>Смағұлова Гүлшат, Мұхаметқалиева Гүлнұр, Мұртаза Анипа, Балтабаева Гауһар.</i> Ислам терминологиясының Шығыс мәдениетіне енуі: Қытай .....	201-209
<i>Шәріп Амантай.</i> Қазақ поэзиясындағы «Жер-Ана» архетипі: генезис және трансформация .....	210-217

---

---

## Contents

### *Folklore and Literary Studies*

<i>Aimukhambet Zhanat, Issebayeva Ayauzhan.</i> Motive «Zher asty alemine sayachattay» («A travel to the underground world») in fairy tales .....	8-14
<i>Akkuly Sultan Khan, Zhumagul Sagymbay, Kemengger Kaiyrbek.</i> New facts about the famine in Alash's spiritual heritage (1932-33 years) .....	15-21
<i>Arykkarakysy Erkegul.</i> Produced by Akyt Ulimzhiuly «Munadzhat chazi al-Chazhat» (ideo feature) .....	22-28
<i>Ashimhan Taldaubek.</i> Roman-Hamza «Abaidyn zhumbagy» («Abai's mystery») of Ramazan Toktarov in the Context of Non-Sufficient Literature .....	29-35
<i>Baytanasova Kharlygash, Nurlybek Gulbanw.</i> Folkloric motives in modern Kazakh prose .....	36-44
<i>Gubaidullina Aizhan, Korganbekov Bolat.</i> Poetics and typology of the epics «Dariga khyz» («Dariga gir») and «Kissa Shachzinda» («Kissa Shaxzinda») .....	45-51
<i>Zhanyzbekova Elmira.</i> Antique and biblical images and motifs in the modern Kazakhstani prose ..	52-63
<i>Kamzabekuly Dikhan.</i> Turcic tanzimat: a reflection of the age reality in literature .....	64-74
<i>Nurtayeva Gulnura, Usen Aigul.</i> The national motive in the poetry of Mukagali Makatayev ..	75-83
<i>Orazbai Saule.</i> An image of historical figures in the texts of Orkhon-Yenisei monuments .....	84-90
<i>Temirtas Gulsezim, Kemenger Kairbek.</i> Writing activities and creativity Sultanbek Kozhanov ....	91-97
<i>Khamzina Karlygash, Kalybekova Kalamkas, Kuleimenova Laila.</i> Typological structure of the poetry of Magzhan Zhumabayev .....	98-106

### *Linguistics and methodics*

<i>Alikhankyzy Gulya, Akhmetbek Gulzhan.</i> Modern methods of teaching Chinese as a foreign language .....	107-115
<i>Attia Ashraf Mohamed.</i> Understanding culture through the prism of linguistic anthroponyms (Based on Russian and Arab anthroponyms) .....	116-121
<i>Grishina Arina, Gizdatov Gazinur.</i> Cultural codes in the modern media discourse of the USA ..	122-128
<i>Kultanova Zhanara, Kussainova Raisa.</i> Cultural and National (ethnic) stereotypes of Communicative behavior .....	129-135
<i>Zharkynbekova Sholpan, Urazayeva Kuralai, Petkova Sylvia, Kozhamkulona Gulmira.</i> Student-centered learning and effective learning environment .....	135-146
<i>Yerlanova Madina, Zhunusova Zhanyl.</i> Word-forming potential of non-usual dictionary in modern Russian language .....	147-156
<i>Beisenova Nazerke, Issenova Fatima.</i> The theme of «love» in the common human and ethnic concepts of the poet Bachyt Kairbekov .....	157-162
<i>Karagulova Balgenzhe.</i> New directions of neologisms research in modern linguistics .....	163-171
<i>Kalibekuly Tolkyn.</i> Ways of phrases formation and phrases classification in Chinese and Kazakh languages .....	172-184
<i>Manapbayeva Zhannura, Seidenova Saule.</i> Adequacy of translating realia into other languages (based on Smagul Yelubay's novel 'Ak boz uy' and its translations in the Russian and English languages) .....	185-192
<i>Otelbay Gulbaira.</i> «Esep kuraly» («Math textbook») of Mirzhakup Dulatuly: the meaning and status of forgotten terms .....	193-200
<i>Smagulova Gulshat, Mukhametkaliyeva Gulnur, Murtaza Anipa, Baltabaeva Gauchar.</i> Integration of Islamic terminology in Eastern culture: China .....	201-209
<i>Sharip Amantai.</i> The archetype «Zher-Ana» («Mother Earth») in Kazakh poetry: the genesis and transformation .....	210-217



---

---

## Содержание

### Фольклор и литературоведение

<i>Аймухамбет Жанат, Исебаева Аяужан.</i> Мотив «Жер асты әлеміне саяхаттау» («Путешествие в подземный мир») в сказках .....	8-14
<i>Аккулы Султан Хан, Жумагул Сагымбай, Кеменгер Кайырбек.</i> Новые данные о голодоморе в идеологических наследиях Алаша (1932-33 годы) .....	15-21
<i>Арыккарақызы Еркегуль.</i> Произведение Акыта Улимжиулы «Мунаджат хази аль-Хажат» (идейные особенности) .....	22-28
<i>Ашимхан Талдаубек.</i> Роман-хамса Рамазана Токтарова «Абайдың жұмбағы» («Тайна Абая») в контексте независимой литературы .....	29-35
<i>Байтанасова Карлыгаи, Нурлыбек Гулбану.</i> Фольклорные мотивы в современной казахской прозе .....	36-44
<i>Губайдуллина Айжан, Корманбеков Болат.</i> Поэтика и типология поэм «Дариға қыз» и «Қисса Шаһизинда» .....	45-51
<i>Жанысбекова Эльмира.</i> Античные и библейские образы и мотивы в современной прозе Казахстана .....	52-63
<i>Камзабекулы Дихан.</i> Тюркский танзимат: отражение действительности в литературе.....	64-74
<i>Нуртаева Гулнура, Усен Айгуль.</i> Национальные мотивы в поэзии Мукагали Макагаева .....	75-83
<i>Оразбай Сауле.</i> Образы исторических деятелей в текстах орхон-енисейских памятников .....	84-90
<i>Темиртас Гульсезим, Кеменгер Кайырбек.</i> Писательская деятельность и творчество Султанбека Кожанова .....	91-97
<i>Хамзина Карлыгаи, Қалыбекова Каламкас, Қулейменова Лейла.</i> Типологическая структура поэзии Мағжана Жумабаева .....	98-106

### Лингвистика и методика

<i>Алиханқызы Гулия, Ахметбек Гулжан.</i> Современные методы преподавания китайского как иностранного языка .....	107-115
<i>Аттия Ашираф Мохаммед.</i> Понимание культуры сквозь призму лингвоантропонимов (на материале русских и арабских антропонимов) .....	116-121
<i>Гришина Арина, Гиздатов Газинур.</i> Культурные коды в современном медиадискурсе США... ..	122-128
<i>Култанова Жанара, Қусаинова Райса.</i> Культурные и национальные (этнические) стереотипы коммуникативного поведения .....	129-134
<i>Жаркынбекова Шолпан, Уразаева Куралай, Петкова Сильвия, Қожамқулова Гульмира.</i> Студентоцентрированное обучение и эффективная обучающая среда .....	135-146
<i>Ерланова Мадина, Жунусова Жаныл.</i> Словообразовательный потенциал неuzuальной лексики в современном русском языке .....	147-156
<i>Бейсенова Назерке, Исенова Фатима.</i> Общечеловеческое и этническое в концептуальном содержании образа «любовь» в лирике Бахыта Каирбекова .....	157-162
<i>Карагулова Балгенже.</i> Основные исследования неологизмов в современном языкознании ... ..	163-171
<i>Калибекулы Толкын.</i> Способы и виды связи словосочетаний в китайском и казахском языках .....	172-184
<i>Манапбаева Жаннура, Сейденова Сауле.</i> Адекватность передачи реалий на другие языки (на основе романа Смагула Елубая «Ак боз уй» и его переводов на русский и английский языки)... ..	185-192
<i>Өтелбай Гүлбайра.</i> «Есеп құралы» («Учебник по математике») Миржакупа Дулатулы: значение и статус забытых терминов .....	193-200
<i>Смагулова Гульшат, Мухаметкалиева Гулнур, Муртаза Анипа, Балтабаева Гаухар.</i> Интеграция исламской терминологии в Восточной культуре: Китай .....	201-209
<i>Шарип Амантай.</i> Архетип «Жер-Ана» («Мать-Земля») в казахской поэзии: генезис и трансформация .....	210-217

XFTAP 16.31.41

**Жаннұра Манапбаева<sup>1</sup>, Сәуле Сейденова<sup>2</sup>**

*әл-Фараби ат. Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан*  
(E-mail: <sup>1</sup>zh.manapbayeva@gmail.com, <sup>2</sup>saule\_dus@mail.ru)

**Реалияларды өзге тілдерге аудару барабарлығы (Смағұл Елубайдың  
«Ақ боз үй» романының орыс, ағылшын тіліндегі аудармалары негізінде)**

**Андатпа.** Реалияны өзге тілдерде беру үшін дұрыс аударма тәсілін таңдау не реалия аудармасының сапасын талдау кезінде аудармашының не сыншының басшылыққа алатын талаптары тек ұлттық-тарихи бояуды сақтауға бағытталған. Дегенмен, реалия аудармасының барабарлығын қамтамасыз ету үшін оның денотативтік мағынасымен қатар, түпнұсқадағы қызметі негізге алынуы қажет. Көркем шығармадағы реалиялар дескриптивті, символдық, ассоциативті және эмоционалдық-экспрессиялық қызметтер атқаруы мүмкін. Берілген мақалада С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы ұлттық реалиялардың түпнұсқадағы қызметтері анықталып, олардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының барабарлығы талданады. Түпнұсқадағы қызметі аудармада барабар көрініс тапқан кезде реалия аудармасының прагматикасы қамтамасыз етіледі.

**Түйін сөздер:** аударма, баламасыз лексика, реалия, реалия қызметі, аударма барабарлығы, ұлттық-тарихи бояу

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2019-127-2-185-192>

**Кіріспе.** Аударматануда көркем мәтіндегі лексикалық бірліктердің, оның ішінде ұлттық реалиялардың өзге тілдерде берілуі өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселе аударматанушылардың еңбектерінде ХХ ғасырдың ортасынан бастап қаралып келгенімен, осы уақытқа дейін бірізді шешімін тапқан жоқ.

Реалия аудармасының сапасын сынауға арналған еңбектерде реалия аудармасына қойылатын талаптар белгілі бір жүйеге келтірілмеген. Бір ғалымдар ұлттық бояуды сақтауды бірінші қатарға қойса, екіншілері аударма прагматикасына көбірек көңіл бөледі. Сәйкесінше, аудармашылар да не түпнұсқаға «адал» боларын, не аударма реципиентіне «жақын» боларын шеше алмай, олардың жұмысы түпнұсқа мен аударма арасындағы «шала» тәржімаға айналып жатады. Аударма сапасын талдаушылардың да пікірі субъективті болып жатады.

Біздің ойымызша, реалия аудармасының сапасын бағалауда және реалия аудармасына қойылатын талаптарды тұжырымдауда барабарлық ұғымын қолдану керек. Реалия аудармасының барабарлығына келмес бұрын, жалпы аударма барабарлығы деген терминді анықтасақ. Аударматануда барабарлық ұғымы баламалылық ұғымымен салғастырылады.

Бұл екі ұғымның айырмашылығы неміс ғалымы К.Райстың «Аудармадағы адекваттылық пен эквиваленттілік» атты мақаласында жан-жақты түсіндірілген. Ғалым бұл екі ұғымның ара-жігі өте жиі талқыланатындығын айта келе, барабарлықты аударма барысында белгілі бір іс-әрекетті таңдаудың дұрыстығы деп атайды. Яғни аударманың мақсатына қарай, таңдалған стратегияның, үлгінің, тәсілдің, нұсқаның дұрыстығы деп атайды. Ал баламалылық түпнұсқа мәтін мен аударма мәтіні арасындағы қатынас деп түсіндіріледі [1, 301]. А.В. Федоров та барабар аудармаға келесідей анықтама береді: «адекватный (полноценный) перевод определяют как перевод, соответствующий подлиннику по функции (полноценность передачи) и по выбору средств переводчиком (полноценность языка и стиля). Функциональная точность, характерная для адекватного перевода, не только допускает, но нередко и требует отказа от формальных, словарных соответствий» [2, 150]. Бұл анықтамалардан шығатын қорытынды – аударма барабар болуы үшін бастапқы мәтіннің мақсаты аударма мәтінде көрініс табуы қажет, оған қоса бастапқы мәтіннің формасы мен стилі сақталуы керек. Осы орайда А.Алдашеваның пікірі өте орынды: Реалийлер... функци-



оналдық қызметі жағынан басым доминант элементтер; олардың контекстегі функционалдық-коммуникативтік қызметі жоғары. Демек, оларды түсіріп тастау түпнұсқаның мазмұнын сақтау талабына нұқсан келтіреді. Сондықтан, аудармашы тексттегі қолданылған, қазақ тіліне мәдени-танымдық сипаты, ұғымдық-мағыналық көлемі жағынан сәйкестіктері жоқ атаулардың түпкі мағынасына, этимологиясына, қандай ұғымда жұмсалғанына, контекстегі стильдік жүгінің ауқымына назар аударуға тиіс» [3, 180]. Сәйкесінше, реалия аудармасының барабарлығы дегеніміз реалияның түпнұсқадағы қызметінің аудармада көрініс табуы, әрі реалияның тұрпаттық межесі мен мағыналық межесінің барынша толық сақталуы. Тақырыптың зерттелуі. Көптеген ғалымдардың еңбектерінде реалиялардың қызметі ұлттық және тарихи нақышты білдіретін лексемалар ретінде қарастырылған. Мәселен, белгілі болгар ғалымдары С.Влахов пен С.Флориннің пікірінше, реалиялардың өзге сөздерден айрықша ерекшелігі – оның заттық мағынасында, яғни реалия атайтын заттың, түсініктің, құбылыстың, яғни референттің, бір жағынан, халықпен (мемлекетпен), тайпамен не қандай да бір әлеуметтік топпен немесе, екінші жағынан, тарихи уақыт аралығымен тығыз байланысында [4, 30]. Сәйкесінше, олардың белгілі бір ұлттық (жергілікті) және/немесе тарихи нақышы бар.

И.Р. Абкадырова «К. Фуэнтестың «Старый Гринго» романындағы мексикалық мәдениет реалияларының рөлі мен қызметі» атты еңбегінде реалиялардың тақырыптық топтастырылуы бойынша қызметтерін анықтаған. Мәселен, табиғи-географиялық ортаға қатысты реалиялар, ғалымның пікірінше, мекендік (локализациялаушы) қызмет атқарады. Оларға географиялық атаулар, флора және фауна бірліктері жатады. Антропонимдер, оның ішінде тарихи тұлғалардың есімдері, сондай-ақ, тарихи және саяси оқиға атаулары шығармадағы оқиға уақытын білдіреді, тарихилық және шынайылық белгілерін береді. Тұрмысқа, өлшем бірліктеріне, салт-дәстүрлерге қатысты реалиялар, сонымен қатар, негізгі ұлттық концептілер белгілі бір ұлтты ерекшелейді. Ғалымның пікірінше, ұлттық қанатты сөздер мен дәйексөздер – ұлт мәдениеті туралы қосымша ақпарат беріп, интертекстуалды қызмет атқаратын реалиялар [5, 17].

И.В. Плоткина «Прагматика реалій в двуязычном аспекте (на материале произведений С.Шелдона)» атты еңбегінде реалиялар қызметінің статистикасын анықтаған. Оның есептеуінше, зерттелген ұлттық маркері бар лексиканың 30% әлемнің тілдік бейнесін, 26% дәуірлік нақышты, 17,5% АҚШ-тың арнайы мәдени фонын, 15% АҚШ-тағы өмірдің этнографиялық ерекшеліктерін, 10,5% америкалық емес нақышты көрсету үшін қолданылған [6].

Осылайша, жоғарыда аталған авторлар реалиялардың белгілі бір ұлтқа қатысты номинативті және денотативті қызметтерін қарастырған. Әлбетте, белгілі бір этникалық топтың әлемдік тілдік бейнесін осы реалиялар білдіреді. Дегенмен, реалиялардың қызметі мұнымен шектеліп қоймайды.

Н.А.Фененко жоғарыда аталған номинативті қызметтерден басқа реалиялардың символдық қызметін атап көрсетеді. Бұл жағдайда нақты референтті атайтын R-реалия (зат) белгілі бір символды білдіретін C-реалияға (концепт) айналады. Сондай-ақ, ғалым ассоциациялық қызметті атап көрсетеді. Оның мәні - реалиялардың көркем шығарманың атауында қолданылуында [7, 159].

Н.В. Карповская реалиялардың қызметтерін үлкен екі топқа бөледі [8, 101]:

1. Кумулятивті қызмет белгілі бір этникалық топтың жинаған тәжірибесін, тарихын, материалдық және рухани мәдениетін, жалпы құндылықтарын көрсетеді.
2. Стилистикалық қызмет шығармаға экспрессивті-көркемдік және эмоционалды-экспрессивті мағына береді. Бұл қызмет одағай, бағалаушы мәні бар зат есімдер, мәдени мәні бар морфемалар, метафоралар арқылы жүзеге асады. Аталған ғалымдардың еңбектері мен «Ақ боз үй» романындағы реалиялардың қызметтерін қорытындылай келе, көркем шығармадағы реалиялардың мынадай қызметтерін анықтадық:

- дескриптивтік қызмет – ұлттық не тарихи бояуды береді.  
- символдық қызмет – ұлттың не этникалық топтың санасында қалыптасқан символдық ақпаратты береді.

- ассоциативтік қызмет - ұлттың не этникалық топтың белгілі бір референтке қатысы ассоциацияларынан хабар береді.

- стилистикалық қызмет – мәтінге эмоционалды-экспрессиялық реңк береді. Бұл қызметті фразеологизмдер, афоризмдер, стилистикалық фигуралар мен троптар атқарады. Дегенмен, реалия аудармасының барабарлығы мұнымен шектеліп қоймайды. Реалия аудармасының сапасына келесі факторлар да әсер етеді:

*Бірінші фактор* – мәтіннің жанрлық типі. Ғылыми мәтіндегі реалия көп жағдайда термин болып саналады және терминге қойылатын талаптар бойынша аударылады. Бұл жағдайда реалияның барлық семаларының ашылуын қамтамасыз ету қажет. Публицистика мен көркем әдебиет аудармасында реалияны контекстегі қызметіне қарай аударған жөн, оған қоса әрбір реалияға толыққанды түсініктеме беріп жатудың қажеті жоқ. Себебі бұл реципиентті жалықтырып жіберуі ықтимал. Балалар әдебиетінде реалиялардың саны қысқартылады, себебі балалардың ақпаратты қабылдауы жеңілдейді.

*Екінші фактор* - түпнұсқа авторының шығарманы жазудағы мақсаты. Мәселен, «Ақ боз үй» романы – қазақ халқының XX ғасырдың екінші және үшінші ширегіндегі өмірін суреттейді, көшпелі өмір салты мен отырықшылықты салыстыра сипаттайды. Яғни романның дәуірлік, тарихи ақпаратты беру мақсаты бар. Сәйкесінше, реалиялардың тарихилық сипаты аудармада міндетті түрде берілуі қажет.

*Үшінші фактор* – аударма мақсаты. Бұл фактор неміс ғалымдары К.Райс пен Х.Фермеердің аударматанудағы скопос теориясына сәйкес келеді және аудармашыға қойылатын міндеттерді білдіреді.

*Төртінші фактор* – реципиенттің аялық білімі. Көркем аудармада реципиент ретінде аялық білім деңгейі орташа тұлға алынады. Оған қоса, бұл факторға тілдердің жақын не алшақ болуы да әсер етеді. Мәселен, орыс тілінде қазақ тілінің бірқатар реалиялары кірме сөзге айналған, яғни оларды аудару кезінде сөздік реалиялардың саны көп болады, ал түсініктемелер аз беріледі. Ал ағылшын тілі мен қазақ тілін салыстыратын болсақ, онда бұлардың арасы алшақ, яғни сөздік реалиялардың саны аз, түсініктемелер көп берілуі қажет.

**Мәселенің талдануы мен талқылары.** Сонымен, реалия аудармасының барабарлығы – оның түпнұсқадағы қызметінің аудармада берілуі. Бұл теориямызды дәлелдеу мақсатында С.Елубайдың «Ақ боз үй» романынан ұлттық реалияларды жаппай таңдау әдісімен бөліп алып, олардың түпнұсқадағы қызметін анықтадық. Сол ұлттық реалиялардың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларына компоненттік талдау жасадық. Осы талдаудың бірнеше мысалын қарастырайық.

**Нәтижелері.** Қазақтың ұлттық киімдерінің бір түрі, камзол реалиясын алайық. Камзол – әйелдер ұлт киімінің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді... Камзолда жең де, жаға да болмайды және де екі өңірі тек тыс пен астарлан тұрады [9]. Бұл реалияның контекстегі қолданысына назар салайық:

Түпнұсқа	Орысша аудармасы	Ағылшынша аудармасы
Басында үкісі бұлғақтаған кәмшат бөрік, үстінде – қырмызы камзол. [10, 10]	..красный шелковый камзол в талии туго охвачен изящной застежкой; [11, 12]	Her red silk camisole was held snugly to her slender waist with a fine clasp... [12, 10]

Түпнұсқадағы камзол реалиясы ару қыздың образын суреттеуге пайдаланылған, яғни дескриптивтік қызметте ұлттық бояуды беріп тұр. Орыс тіліндегі аудармада камзол транскрипциясы қолданылған. Камзол лексемасы орыс тілінде сөздік (словарная) реалия болып саналады, себебі бұл лексема аударма сөздіктермен қатар орыс тіліндегі кірме сөздер сөзді-

гінде де берілген. [13]. Бір қарағанда дұрыс болып көрінгенімен, бұл аударма нұсқасын барабар деп есептеуге болмайды, себебі орыс тіліндегі камзол лексемасы әйел адамның емес, ер адамның сырт киімін атауға қолданылады. Сәйкесінше, сұлу қыздың образына біршама нұқсан келуі ықтимал. Ағылшын тіліндегі аударма тіптен дұрыс емес. Транскрипция не мәдени аналог ретінде берілгені белгісіз *camisole* лексемасы ағылшын тілінің түсіндірме сөздігі бойынша әйел адамның жеңсіз іш киімін атауда қолданылады [14]. Бұл нұсқа тек қана камзол реалиясының микроконтекстегі қызметін ғана емес, макроконтекстегі қазақ қызының бейнесін бұрмалайды. Осылайша, екі тілдегі аударма нұсқалары барабар емес. Реалияның тарихи бояуды білдіретін қызметінің аудармадағы көрінісін шақырым реалиясы арқылы қарастырайық. Шақырым – қазақтың байырғы ұзындық өлшемі. Ол Орта Азия мен Қазақстанда, сондай-ақ бірқатар Шығыс елдерінде де кең тараған. Қазақта шақырым өлшеміне дауыс жетер жердегі қашықтық алынған. Бұл нақтылы бір мәнге ие болмаған [15]. Қазіргі таңда шақырым өлшем бірлігі шамамен 1 километр қашықтықты білдіреді. Аудармада бұл реалияға километр термині беріледі:

Түпнұсқасы	Орысша аудармасы
«Ойпырмай, оннан енді асқан шиеттей нәресте жетпіс шақырым жерге қалай жаяу барды екен, жолда өліп қалмай» деп жұрт аңыз қылады. [10, 367]	Народ удивился: «Ойпырмай, как это подросток, едва достигший десяти лет, один прошел семьдесят километров по бездорожью?» [11, 391]
Мен жатқан Леуштың үйіне екі шақырымдай жерде, қырқа үстінде оңаша бір алаң бар еді. [10, 491]	В километрах двух от дома Леуша на возвышенности была небольшая площадь. [11, 520]

Бірінші сөйлемнің аудармасында реалияның ұлттық бояуы толығымен бейтарапталған. Тарихилық жағынан қарастыратын болсақ, километр нұсқасы мүлде дұрыс емес. Бұл жағдайда реалия приматын ескеру керек еді. Ауыл тұрғындарының километр терминін қолдануы құлаққа тосын естіледі. Аударматануда бұл құбылысты, яғни реалияның тарихи шындықты бұрмалайтын лексемамен аударылуы анахронизм деп аталады. Екінші сөйлемнің аудармасында километр нұсқасы анахронизм емес, себебі аударма приматы – жоғары білім алған, терминдермен таныстығы бар Едіге-жазушы. Оның сөзіне километр терминін қосу тарихи шындықты бұрмаламайды.

Ассоциативтік қызметі бар реалияны қарастырайық:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма
Қалайы дүңгірдің ауызы ашық. Іші толы — піскен қуырдақ. [10, 369]	Бурдюк с едой открыт. [11, 393]

Түпнұсқадағы қуырдақ реалиясы «жаңа сойылған малдың өкпе-бауырынан, мойын, төстік етінен, жүрек, бүйрегінен, сондай-ақ ішек-қарнынан ұсақтан турап майға қуырып әзірленетін тағамды» білдіреді. [9] Қуырдақ – қазақ халқының еттен кейінгі аса қадірлейтін ыстық тағамдарының бірі. Сол себепті, түпнұсқа рецепторы бұл сөйлемдегі қуырдақ реалиясын ерекше ассоциациялармен қабылдайтындығы анық. Мәселен, қуырдақ дегенде кез-келген қазақтың ойына дәмді, еттен дайындалатын тағам, қонақжайлылық, молшылық секілді ұғымдар келеді. Орыс тіліндегі аудармада бұл реалия еда (тамақ, ас) гиперонимі арқылы аударылған. Бұл тәсіл реалияның коммуникативтік ықпалын бере алмайтындығы анық. Орнына сілтемелі транслитерация не конкретизация тәсілін пайдалану қажет еді.

Символдық қызметте қолданылған жаулық реалиясының аудармасына назар аударайық. Сөздік бойынша, «жаулық – көлемі үлкен ақ матаны әйелдің басына орап тартатын баскиімнің ерекше түрі... Қазақ әйелдері балалары ер жетіп, «сары қарын» әйел болған-

да (шамамен 25 жастан әрі) жаулық киді... Ал жаулықты әйел адамның айтылған жастан бастап пайдалануы оның үй шаруашылығын «дөңгелетіп» алып кететіндей тәжірибесі мол отбасының ардақты анасы деген мәртебеге ие болғандығын білдіреді.» [16, 251-252]. Бұл реалияның келесі аудармасына назар салайық:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма
Жарты жолда Қозбағардың шешесі, Торқа кемпір, Жайбасқан бастаған топ әйел шашу шашып, қарсы алып, басына «жаулық» салып, ақ желек бүркеді. [10, 61]	На голову Хансулу надели белый жаулық, убор замужней женщины, а лицо покрыли белой накидкой. [11, 67]

Түпнұсқада жаулық реалиясы тек қана киімнің денотативті атауын ғана емес, сондай-ақ символдық ақпарат білдіреді. Аудармада бұл ақпарат сөйлем ішінде ашылған. Оған убор замужней женщины (тұрмыс құрған әйелдің бас киімі) деген сипаттама берілген. Бұл орайда аудармашының шеберлігін атап өту қажет, себебі ол түпнұсқада жасырын тұрған символдық, яғни мәдени ақпаратты «сезіп», оны аудармада көрсете білген, ал түпнұсқада жаулықтың тұрмыс құрған әйелдің бас киімі екендігі тек меңзеледі, ашып айтылмайды. Осы сөйлемдегі желек реалиясының символдық мәні, керісінше, ашылмаған. Желек – қазақ әйелінің некесі қиылып, «жат-жұртқа» келін болуының символы болып табылады [16, 251]. Аудармашы желекті накидка (жамылғы) функционалдық аналогы арқылы аударған. Сәйкесінше, символдық ақпарат жоғалған. Бұл рецепцияға нұқсан келтіріп тұр, себебі рецептор жамылғының неліктен қолданылғанын түсіне алмайды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, реалия, сонымен қатар, эмоционалды-экспрессиялық қызмет те атқаруы мүмкін. Мәселен, келесі сөйлемде реалия иронияға қатысады:

Түпнұсқа	Орыс тіліндегі аударма	Ағылшын тіліндегі аударма
- Біреудің мәшинесіне мініп... жаулығың желпілдеп баратсың... Бұны қалай түсіндік?! [10, 143]	- Села в чью-то машину... Как это понимать? [11, 152] You took off your jaulyk. How can that be understood?	- The jaulyk is the white kerchief of the married woman. [12, 165]

Түпнұсқадағы «жаулығың желпілдеп» фразасы бірнәрсеге елігіп кеткен жеңілтек адамға айтылады. Фразаны кейіпкер өзге ер адамның көлігіне отырған әйеліне айтады, яғни әйеліне деген өкпесін жеткізеді, оның қаншалықты жеңілтек екендігін көрсеткісі келеді. Бұл фраза орыс тіліндегі аудармада түсірілген. Ал ағылшын тілінде you took off your jaulyk (жаулығыңды шештің) деген фраза арқылы аударылған, яғни аудармашы түпнұсқада кейіпкердің басында болған жаулықты аудармада «шешіп тастаған». Бұл тәсіл түпнұсқадағы мәдени шындықты бұрмалайды. Осылайша, аудармашы түпнұсқадағы әйел адамның бейнесіне жағымсыз бояу қосады, кейіпкерді жеңілтек етеді. Аудармашының мұндай қателік жіберуі – оның ұлттық киім-кешек түрлері туралы ақпаратының, оған қоса қазақ халқының мәдениетінен хабарының аздығынан.

